

## Қауымдық сервитутты белгілеу туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Керней ауылдық округінің әкімінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 2 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 26 наурызда № 5246 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Керней ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына талшықты-оптикалық байланыс желісін (ТОБЖ) жобалау, төсеу және пайдалану үшін, жалпы көлемі – 13,9476 гектар оның ішінде: Керней ауылы – 9,2358 гектар, Алғабас ауылы – 4,7118 гектар жер учаскесін жер пайдаланушылардан алып қоймай 3 (үш) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамы талшықты-оптикалық байланыс желісін (ТОБЖ) жобалау, төсеу және пайдалану үшін жер учаскелерін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтасын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Керней ауылдық округі  
әкімінің міндетін атқарушы*

*М. Тулеуов*